



Кенесары Хан ауылы Жамантүз, Александровка – Акмола облысының Щучье ауданындағы ауыл, Кенесары ауылдық әкімшілік округінің орталығы. Аудан орталығы – Шучинск қаласынан солтүстік-батысқа қарай 35 км жерде, Қылшықты өзенінің сол жағалауындағы әр түрлі астық тұқымдас шөптер өскен қиыршық тасты қара топырақты дала белдемінде орналасқан. Тұрғыны 1,8 мың адам (1999). Іргесін 1879 жылы Хан ауылы орнына қаланған. 1957 жылдан “Жамантүз” астық шаруашылығы, 1976 жылдан “Жамантүз” ет өндіру бағытындағы кеншардың орталығы болып келді. Оның негізінде ЖШС, шаруа қожалықтары құрылды. Орта мектеп, 2 клуб, кітапхана, фельдшер-акушерлік пункт, т.б. мекемелер бар. Тұрғындары қорша елді мекендермен т.ж. және автомобиль жолдары арқылы қатынасады.

Кенесары хан ұрпақтары

Кенесары хан ұрпақтары – Кенесары хан әулетінің шежіресі. Кенесары ханның

бәйбішесі Қүнімжан ханымнан (арғын руының қызы) үш ұл туады: Жапар, Тайшық, Ахмет. Екінші әйелі Жаныл ханымнан бес ұл туады: Құмар (кейбір деректерде Омар), Әбубәкір, Құсман (Осман), Сыздық, Жакшы (Жегей) (бұл мәліметтер Әзімхан Кенесариннің отбасылық архивінен алынған). Кенесарының үлкен ұлы Жапар Ресей империясы әскерлерімен болған соғыста тұтқынға түсіп, көп жыл айдауда болады. Ақырында Бекет батырмен бірге тұтқыннан қашып келеді. Денсаулығы нашарлагандықтан көп кешікпей қайтыс болады. Кенесарының ұлы Сыздық сұлтан (1839 – 1910) әке жолын қуып, Ресей империясына қарсы күресті. Тайшық пен Ахмет сұлтандар амалсыз патша үкіметіне барып қызметке тұрады. Кокандықтармен болған бір соғыста Тайшық сұлтан қатты жаракаттанып, қайтыс болады. Ахмет сұлтан алғашында Шу бойындағы казак, қырғыз елдерін Кокан шапқыншылығынан қорғап тұрады. Шымкент уезі ашылған соң Ахмет сұлтан онда уезд басшысынан үшінші жәрдемшісі болып тағайындалып, осы жұмыста 20 жыл істейді. Казак руларымен патша әкімші арасындағы қатынастарды реттеп тұрады. Ахмет сұлтан 46 жасында қайтыс болды. Ахмет сұлтанның ұлдары Смайыл, Ыбырай, Мұқан, Әзімжан, Шірінхан. Ахмет сұлтанның ұлдарының ішінде ең белгілісі Әзімхан Кенесарин (1878 – 1937) Алашорда партиясын құрушылардың қатарында болған, саяси қуғын-сүргін құрбаны. 1996 ж. толығымен ақталды. Әзімханның ұлдары: Натай, Мұхамедхан, Мадияр, Тәуке, қыздары: Хамида, Напұса, Аян, Баян. КСРО-ға еңбек сіңірген геолог, геология-минерал ғылымдарының докторы, гидрогеолог, Озбекстан ГА-ның корреспондент мүшесі Натай Әзімханұлы Кенесарин кезінде бабасының атын алып жүргені үшін қуғындалып, Қазақстаннан қоныс аударуға мәжбүр болған. Кенесарының Әбубәкір атты ұлының шөбересі, ұстаз әрі домбырашы, онер қайраткері Файзолла Үрімұзов пен жиендері арасынан Кенес Одағының Батыры <Александр Гаврилович Моисеевский сынды генерал шықты.

Кенесары Үңгірі

Кенесары үңгірі, Кокшетау үңгірі, Бурабай қонынан оңтүстік-батыста 0,5 км жерде, Ақмола облысының Бурабай ауданы жерінде орналасқан. Үңгір Кокшетау қыратының гранитті сілемінің үгілуінен пайда болған және ол аласа шоқының үстінде жатыр. Үңгірге кіре берістегі қуыстың биіктігі 3 метрдей. Ол екі бөліктен тұрады. Оларды бір-бірімен тар қуыс жалғастырады. Екінші бөліктен сыртқа шығатын ауыз бар. Негізгі үңгір дөңгелек пішінді диаметрі 5–6 м, биіктігі 1–3 м. Үңгір ішіндегі температураның сыртқы температурадан айырмашылығы 2–3°С. Кенесары үңгірі «Бурабай» курортындағы

туристер көп баратын орындардың бірі.



Кенесары хан туралы не білеміз?

Тарихында азаттық сүйгіштігімен белгілі Кенесары ханның атасы Абылай бүкіл өмірін казакты біртұтас мызғымас ел етуге арнаған аса дарынды хан еді. Әкесі Қасымның өмірі де сол асыл істі жалғастырумен және Ресей патшасының казак елін отарлау саясатына қарсы соғысумен өтті. Бәрі де осымен бітер ме еді?! Бірақ ұлтымыздың бағына 1802 жылы Қасым ханның отбасында бір ұл дүниеге келді. Жана туган нәрестенің кішкентай болғаны соншалық Шоқай би оны қолына алып тұрып: «Өзі сондай кішкентай екен, аты Кенесары болсын» деп ат қойды.

Кенесары бала ат күлағында ойнаған шабандоз, Кокшетаудың баурайы мен Бурабай қолінің манында аң аулауға сондай ынтық болып өседі. Ертені туралы ерте ойланған болашақ хан жасөспірім кезінде-ақ күрдастарына «Мен ешқашан батырлығымды тастамаймын, өлсем де қаһармандықтың шегіне жетемін» депті.

Әкесі Қасым қолбасшы болған, қарулы күрес жолына жас күнінен қатысқан Кенесары 1824-1836 жылдар аралығында ағасы Саржан бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың белді мүшесі болады. Атасы Абылай, әкесі Қасым мен ағасы Саржанның жорық жолдарынан

тәлім-тәрбие алған Кенесары елге бас болған шағында қателік жіберуден өзін аман сақтап қалды.

Уәли ханның немересі, ғалым Шокан Уәлиханов, яғни патша өкіметіне қарсы қотерілген Қасым төре тұқымына жақын ақсүйек, Кенесарыны қотерілісшілердің ішіндегі ең ержүрегі деп сипаттай келе, қозғалыстың басты себептерін былайша анықтайды: «Хандық билікті жою, қазақтарды басқару үшін сібірлік өкімшілікті кіргіздіру немесе жана тәртіптерді орнату толқуларсыз өтпеді».

Орыс өкіметі қазақтарды жан-жағынан қысып, құнарлы жер шаруашылығына тиімді аймақтарға Қарқаралы, Қокшетау, Баянауыл, Ақбұлақ, Құсмырын, Ақмола, Аяғоз, Қокпекті, Алатау және Қазақстанның ең суы мол, орманды, өзен-қолді, табиғаты да өмір сүруге қолайлы аудандарына орыс шаруаларының ауыз салуы жалғаса берді.

Дегенмен, Кенесары ашық күреске шықпас бұрын патша өкіметінің қазақ жерінде қорған салуларын тоқтатуын бейбіт түрде талап етті. Бірақ Кенесарының заңды талабына құлақ аспаған патшалық өкіметтің басқыншылық әрекеттері қарсы қозғалысқа әкеп соқты.

Ежелгі қазақ даласының халқы Кенесарыны хан сайлап, соның басшылығымен 1837 жылдан бастап туган елінің тәуелсіздігі үшін он жыл талмай соғысты. 1836 жылы ағасы Саржан қаза тапқанға дейін өзінің нағыз батыр екенін дәлелдеген Кенесары өзі бас болып шайқастарға қатысқан. Иығына полковниктің әполеттерін тағып, қасына ерген тұ ұстаушылары бар әскерінің алдында жүрген.

Жауларының оздері қозсіз батырлығын мойындаған. Кенесарыны қотерілісшілердің оздері де хандардың арасынан шыққан ең қаһарманы әрі ақылдысы деп білген. Кенесары бастаған күрес шын мәнінде ұлт-азаттық күреске айналды. Қотерілісшілердің оз әнұраны болғаны да белгілі. Сол кездері Кенесары үлкен қорегендік танытып халқының бірлігіне кедергі келтіретін жүзге, руга болінушілікті тыюға қоп әрекет жасайды.

Кенесарының Ресей өкіметіне қарсы бастаған қотерілісін ең алдымен туыстары қолдады. Атап айтқанда, туган бауырлары — Қошек пен оның ұлы Әбілпейіз, алты

влымен келіп косылган әпкесі Бопай, інілері Наурызбай мен Муса. Агасы Саржаннын балалары: Құдайменде, Ержан, Иса, Кошкарбай. Туысы Дайырдын ұлдары: сұлтандар Тәти, Өти, Сатыбалды және онын ұлы Қадырбай. Соғыс қиыншылығынан Кенесары ханнын өз отбасы да шет қалған жоқ. Жұбайы Құнімжан мен балалары жау қолына түсті.

Ел басына құн туган шақта Кенесарынын қасынан табылғандар арасында ерліктерімен аты шыққан туган әпкесі Бопай күйеуі Сәмеке мен онын туыстары Сортек пен Досалы Өбілхайырұлдарын қотеріліске қатысуга үгіттеді. Кенесары ханнын ордасында өткен барлық кенестерге белсене қатысып отырған Бопай 600 сарбазы бар қарулы топты басқарып, үлкен шайқастарға қатысады. Жау тылына түрлі жорықтар жасап жүреді. Сонымен қатар зекет жинаумен және қотеріліске қатысудан бас тартқан сұлтандарды жазалаумен де шұғылданады. Бопайдын ұлы жас батыр Нұрхан шайқастардын бірінде жаракаттанып жау қолына түседі. Кенесары ханнын туган жиені туралы жауларынын «ен көп қарсыласқан Нұрхан болды» деп жазылған мәлімдемесі сақталған.

Кенесары ханнын ен жақын қорған інісі, 1822 жылы туган Наурызбай, өте денелі әрі биік бойлы болған. Бет-әлпеті тегіс, басқа қазақтарға қарағанда ірі, сопақ келген қызылшырайлы, қап-қара қоздері от шашып тұратын. Меруерт тағылған айдарлы шашы болған. Мұрт пен сақал қоймаған. Ол ұрыс даласына әрдайым ақбозат мініп шыққан. Шайқаста он қолын білегіне дейін ашық қалдырып бос ұстайды екен. Ал, бос қалған жөнін белдігіне қыстыратын. Қандай жағдай болса да, ауыр найзасын бір қолымен қотерген батыр басына тобесі қызыл құндыз тымақ қиетін. Жағасы бағалы құндыз тон қиеті.

Кенесарынын тағы бір бауыры Өбілғазы 1821 жылы туып, анасы қайтыс болған сон оғей шешесі Қожак ханымнын қолында тәрбиеленеді. Ол Кенесарынын қенесшісі әрі барлық маңызды хат жазысу жұмысын жүргізумен шұғылданған. Кенесары Перовскийге жазған хатында: «Өбілғазы Қасымов Ресейдің қандары мен әдет-ғұрпын өте жақсы біледі» дейді. Өбілғазынын өзі: «Әкем төрт жыл бұрын Қокан ханынын шақыруымен татуласуға барғанда сол жерде тұтқындалып, сол жақта қаза тапты. Ал, мен Қожак ханым екеуіміз Хиуа ханы Жүсіп-бектің отінішімен босатылдык. Содан сон мен Кенесары ханнын қасында ұзақ уақыт хат жазысуына көмектестім» деген.

Кенесарынын қасында қазаққа белгілі батырлар: **Ағыбай** Олжабайұлы, Ағыбайдын бауыры Мынбай, Жанайдар, Иман Дулатұлы – Азамат соғысынын батыры Аманкелді Үдербайұлынын атасы, Жоламан Тіленшіұлы, Бұғыбай, Ангал, Басықара, Жеке батыр, Жәуке, Сұраншы, Байсейіт және басқа батырлар болады.

Халық арасында **Шұбыртпалы Ағыбай** деген атпен белгілі батырды, ағасы Саржанның қарулас досы әрі өзінің құрдасы болғандықтан Кенесары жақын тартып, «Косе» деп атайды екен.

Ағыбай батыр шүңірек қозды, биік денелі, қолы ұзын болыпты. Жүздіктермен әшекейленген найзасын құланның терісінен жасалған белдікпен байлап жүреді екен. Бірде Кенесарыға: «Басқаларға мың басы, бес жүз басы деп лауазым беріп жатасыз, неге Ағыбайға мұндай шен бермедіңіз?» деп сұрағандарға Кенесары «Менің алдынгы сапымадағы сарбаздарым соғысқа «Абылайлап!» кіргенде, басқалары «Ағыбайлап!» шабады. Сондықтан батырға бұл шендер лайық деп ойламаймын» деп жауап берген.

Кенесарының тағы бір өте сыйлы батыры — қотерілісшілер қатарына 1839 жылы қосылған Иман Дулатұлы. Әскери кенестің беделді мүшесі Иман батырды жасы үлкен болғандықтан Кенесары хан аға ретінде сыйлап, Аяке деп атайтын болған. Иман батыр, әсіресе, Есіл өзенінің жағасына орналасқан Кок-Алажар қорғанына шабуыл кезінде ерекше ерлік көрсетеді. Қорған ішіндегі гарнизон ұзақ уақыт атысып беріспейді, сол кезде Иман батыр айналып барып желке тұсынан шабуыл жасап қорғанға басып кіріп, шабуылды шегіне жеткізеді. Сонда Кенесары хан сарбаздарын сапқа тұрғызып: «Мен бүгін қасымда жолбарыстай айбарлы, түлкідей айлалы Аякеннің болғанына ризамын» деп өз бағасын берген.

Біріне Созақтан, біріне Ақмола тұбінен шабуыл жасайтын Кенесарының жанында әрдайым осындай сенімді серіктері, батырлары болды.

Өрине, қай құрес болса да қантоғіссіз, құрбандықсыз болмайды. «Жеке батыр» деп атап, ерекше жақсы қоретін Байтабын батыр қаза тапқанда Кенесары үш күндік қаралы күн жариялаған.

Кенесарының құресін жақтаған қазақ ақындары сарбаздардың рухын қотеруге өз үлесін қосты. Сондай ақындардың бірі Алтай-Қалқаман руының өкілі Досқожа Токборұлы өзінің айтуы бойынша, Кенесары ханның қолына Ақмола аймағында қосылған. Кенесарының құресін жақтаған ақындар қатарында белгілі қазақ драматургы Қалтай Мұхамеджановтың бабасы Құдеріқожа ақын да болды. Құдеріқожаның «Қарқаралымен қолтасуы» мен Досқожаның шығарған «Қолтасу әні» және басқа ақындардың сол кезді суреттеген шығармалары бүгінгі күнге жетті.

Қасымханның үлы басшылық еткен қотеріліс басқа халық өкілдері тарапынан лайықты бағасын алды. Кенесарының қол астында Ресейге қарсы басқа ұлт өкілдері: қырғыздар, қарақалпақтар, түркімендер, өзбектер мен орыстар да болды. Башқұрлар келіп зенбірек қыйысты. Әсіресе, Самарқан мен Бұқарада білім алған өзбек Сайдаққожа Оспанов

Кенесарының көмекшісі ретінде елшілік жұмысына көп еңбек сіңірді. Кенесарының жеке хатшысының орыс болғаны да белгілі. Көтерілісшілер қатарында басқа ұлт өкілдері көптеп саналатынын орыс полковнигі Аржанухин: Кенесарының қол астында Сібірден қашып келіп қосылған 100 поляк бар, олардың біреуі майор. Және басқалары да жеткілікті, деп жазып кеткені белгілі.

Польшада ұлт-азаттық көтеріліске қатысканы үшін жер аударылған поляктар көтерілісшілер қатарына жайдан-жай қосыла қойған жоқ-ты. Олар қазақ халқымен азаттық алу жолында мақсаттас болды. Сарбаздардың рухын көтеру мақсатымен көтеріліске қатысқан ұлты поляк Иосиф Герберт Кенесарыны мадақтап сарбаздар айтатын ән де шығарады.

Кенесары бастаған көтерілісшілердің өз әнұраны болғаны жайында қазақ өнерінің жанашыры, ән мен күйлерді жинаушы ғалым Александр Затаевич өзінің «Қазақ халқының мың әні» атты кітабында жазған.

Кенесары – Орыс патшасына қарсы соғысқанмен, орыс халқының қарапайым өкілдерінің жағдайын жақсы түсінген ел басшысы. Сондықтан ол орыс шаруалары мен қолға түскен орыс солдаттарынан кек алуды мақсат етпеген. Қолға түскен тұтқын орыс Андрей Ивановтың қорсеткен кәуәлігі мынадай: «бізге тұтқындарға ешқандай зорлық-зомбылық жасалған жоқ. Кенесары бізді оқпелетпеді және аш қалмауымызды қадағалап отырды.

Өмірдікі ту етіп, он жыл соғысып қаза тапқан Кенесарының данқы алысқа кетті. Елінің азаттығы жолындағы көтеріліске қатысканы үшін қазақ даласына жер аударылған поляк Густав Зелинский Кенесары көтерілісі кезінде қазақтардың ауыр жағдайы туралы «Қазақтар» деген поэма жазды. Ақын Нысанбайдың «Кенесары-Наурызбай» атты жырының орысша аудармасын 1875 жылы Орыс География қоғамы жарыққа шығарды. Бірақ орысша нұсқасында Орыс патшасының жаулап алушылық саясатын өшкерелейтін шумақтар қысқартылып тасталды. Нысанбай ақынның бұл тарихи жырын ақын Жүсіпбекқожа Шайхисламұлы 1912 жылы Қазан қаласында бастырып шығарды.


1861 жылы француздың атакты жазушысы Жюль Верннің Кенесарыны бас кейіпкер етіп жазған кітабы жарық көрді. XX ғасырдың 30-жылдары Мұхтар Әуезовтің «Хан Кене» пьесасы сахнаға қойылып, Кенес өкіметінің қонысына жақпай, 1969 жылға шейін шаң басып жатты.

1944 жылдын кантарында Алматы каласына келіп торт күн атакты ғалымдар мен қоғам қайраткерлері алдында соғыс психологиясы туралы әңгіме жүргізген Бауыржан Момышұлы сол жылдары атына қара күйе жағылып жатқан Кенесары хан мен басқа да елім деген тарихи тұлғаларға ара түсіп: «Кенесары ханнан оның қозқарасының Карл Маркс қозқарасымен сәйкес болуын талап етуге болмайды. Біздің хандарымыз бен билеріміз өз заманының мемлекет қайраткерлері әрі жақсы адамдар болған. Біз оларды мақтаныш етуіміз керек – олар халықтың абыройы ғой» деп айтқан. Кейінгі жылдары жазушы Ілияс Есенберлин «Қаһар» атты романын жазды.

Кенесары ханды тәуелсіз Қазақстан халқы ешқашан ұмытпауы тиіс.

Бердалы Оспан

"Алтын Орда" газеті



*Хан Кене,
ер Ағыбай, батыр Науан*

О, хан Кене.

Таптады жау ата жұрт, салтынды да,

Жан кысылып кеудеде алкынды ма.

Күш жұмсадын жинауга біріктірер,

Шашыраган тарыдай халкынды да.

Басынды алтын тіктін де күніне олім,

Рахатын қормедін дүниенін.

Қазагынды тәуелсіз ел етуге,

Ат үстінде откіздің сүріп өмір.

Кәпірдің де негіз бар қорқында.

Жолбарыстай жүрдің сен жортуылда.

Қорқау қасқыр сияқты бұқпантайлап,

Ездер түрды патшанын қолтығында.

Бұлт қойылып еркіндік аспанында,

Алай-түлей болды әлем қас-қағымда.

Сәл осалдық танытсан айбат қылмай,

Түрды жауын күзгіндай бас салуга.

Халкын үшін қажымай қайрат кылып,

Жауга шаптын атка да жайдак мініп.

Тіршілікте жанына тыным бермей,

Арыстандай мерт болдын айга атылып.

Қазагына кашанда берді ме ерік,

Қасиетті ортеді жерді келіп.

Бүгінгі күн үл-қызын марқаяды,

Сен ансаган тәуелсіз елді коріп.

Кешті халкын не сүмдык сүркияны,

Мешеуліктің торлады бұлты вяны.

Оз алдына ел болып, отау тіккен,

Тәуелсіздік конілге нүр қяды.

* * *

Омірінде жан емес бугып корген,

Акыл, айла, сенім мен үмітке ерген.

Батырға тән ежелгі әдетпенен,

Бірде Ағыбай шолғынға шығып келген.

Батырлығы шығарсын тоске мұны,

Толмай отыр ісіне еш конілі.

Хан алдына бар сырын жайып салды,

Кокжал болып даланын оскен ұлы.

- Тыныштыққа маужырап аймақ тұнған,

Ай жап- жарық, жұлдыздар жайнап тұрған.

Тан алдында үнсіздік бұзылады да,

Бір қарайған қорінді жайлап қырдан

Жазық бетке түсті де қуындатты,

Ат тұяғын боз қолға сүйіп жатты.

"Қайт, қайт кейін олесін!" - деп айқалап,

Қарсы шаптым келді де жыным қатты.

Ағызып кеп найзамды қағып қалды,

Колдан шығып кодені қауып қалды.

Денеме үшін дарытпай ту сыртымнан,

Содан кейін ол найза салып қалды.

Атымды да кеуделеп ысырганы,

Бірақ түйреп қанбақша ұшырганы.

Боз кодеге топ еттім есім ауып,

Окінішке ортеніп ішім жанды.

Батырлардай шыныққан жорықтағы,

Менен озі именіп қорықпады.

Найзамды іздеп таппадым есенгірен,

Түс қорғендей аң-танмын болып тағы.

Оңға басып жүрсе де ісім бұрын,

Сол салт атты қорсетті ісім мығым.

Омірімде мұндайды қормеп едім,

Шындыққа айналды түсім бүгін.

Жаумен жастай внаттым алысуды,

Шабуылды, жорықты жаным сүйді.

Тірі олік боп оралсам дел-сал болып,

Ак ордада найзам түр шанышулы.

Пәс конілі түнжырап бүгіліпті,

Бас батыры Ағыбай сырын үкты.

- Наурызбай шығар бұл ойнап жүрген, -

Деп хан Кене сәл гана жымыпты.

Акжолтай Ағыбайдан шұбыртпалы,

Осы әңгіме қалды елі ұмытпады.

Ет-сүйектен жаралған батыр да ангал,

Болатынын жұртшылық ұғып қалды.

* * *

Тонсе де аймағы мен басқа қауып,

Киіктей дүркіреп ел қашпады ауып.

Хан Кене мініп алған қаңарына,

Қылышын отыр озі тасқа шауып.

- Корсетпей батырға тән сом кылықты,

Таныттын табансыздық, олқылықты,

Аяксыз калдырмастан хан жарлыгын,

Салмадын неге жонге Болтірікті?!

- Хан ием, казагымнын баласы да ол,

Бар ма еді Болтіріктен аласын мол.

Сенді олар коргайды деп Кокандардан,

Алайык ажыратын арасын сол.

Адамнын білемесін канын желік,

Алмаймын елін шауып, малын боліп.

Ескертіп Болтірікті коя бердім,

Казактын не кылайын арын тогіп.

Батыр да, кара менен алып та адам,

Тандаса адал жолды тарыкпаган.

"Нен сенін шауып алсан кетеді" - деп,

Хан Кене жылы шырай танытпаган.

Қаңарын ашуланып шақырганы,

Түк әсер етпегендей аң ұрғаны.

Ісінің дұрыстығын Ағыбайдың,

Қоштаған Науан, басқа батырлары.

Болса да әрі батыр, айлалы адам,

Достары күшағын көп жайған оған.

Алатау жорығында Ағыбайды,

Бірақ та бас сардары сайламаған.

* * *

Жорык біткен алатын үрейін ел,

Кен даланы коделі сүйеді жел.

Ел ішінде тыныштық орнаған сон,

Жер қадірін Ағыбай біле білген.

Кеше орде, бүгін тау етегінде,

Бос арманның кетті ме жетегінде.

Белден шешіп қаруын, тоған қазды,

Егін егіп тұрмысын көтеруге.

Жауга шапса айлакер, алғыр адам,

Дүние жиып жан емес мал құраған.

Азық іздеп Ағыбай елге кеткен,

Тамақ тапшы, ағайын қалжыраған.

Киындыктан кетпеген жүнжіп тегі,

Отті күннің тер тоқпен жылжып қобі.

Жәмші озені бойында қауырт қимыл,

Тоган казган vнайды ел тірліктері.

Арка жакка жетелеп жүрегі ерді,

Бар екені түстасы біле келді.

Тоган казып шаршаган агайынга,

Болтірік би ат басын тірегені.

Сырттан келген әуелі шолар манын,

Танымаса ділдәгер бола алар кім.

Болтірік би сұрады сәл кідіріп:

- Қазып жатқан кімдікі тоғандарын?

- Біреуге жеке басы, малы қайғы,

Біреуге азаттықтың тағы ұнайды.

Қазып жатқан бұл тоған батырдікі,

Білетін шығарсыз сіз Ағыбайды.

Мамыражай қалжырап тұрған жұртқа,

Шығармастан сырын да бірден сыртқа.

"Ағыбайдың тоғаны" деген сәтте,

Атын шалган Болтірік күрбандыкка.

Бұл жайды естіп Агыбай кайран калған,

Күанышын бұлге алмай жайрандаған.

"Болтірік пен Агыбай тоғаны" боп

аталсын! - деп аймакка айқайлаған.

Қас дұшпаннан қорғады аймағын бай,

Ағайынға күшағын жайған ұдай.

Тоганы Ағыбай мен Болтіріктін,

Кос батырдын достыгы айгагындай.

Адалдыкты, достыкты таныпты ерден,

Жомарттыгын, мәрттігін халық кореген.

Ағыбай мен Болтірік нақты ісімен,

Сара жолын ізгілік салып берген.

Ажырамай елінін ынтымагы,

Айы туып онынан, күн шығады.

Кос батырдын тілегі кабыл болып,

Үл-кызы осіп, туган жер кұлпырады.

* * *

Агыбай бас батыры хан Кененін,

Жорыкта күш-кайратын, салды онерін.

Кызгыштай коргай білді кен даласын,

Кемедей кайырылып калган елін.

Арбасқан омір, олім катал сынға,

Бел шешіп түсті батыл жата алсын ба.

- Ағыбай жолы болғыш бас батырым,

Акжолтай, - депті Кене, - аталсын да.

Жанары қыран күстай шашқан жалын,

Жорықта көп сынады жастай бағын.

Айырылып хан Кенедей серігінен,

Окініп тістей берген бас бармағын.

Батырдын капаланар жоні барды.

Тотелеп тоске салган жолы калды.

Үлтандай иеленер жер бүйырмай,

Ак патша, жандайшаптар боліп алды.

Корсетті қаһар тогіп күш каттыга,

Жауына тіршілікте ұстатты ма.

Шұбырмалы Ағыбай атанса да,

Корді гой шет қағу мен қыспақты да.

Кешегім сағымдай боп бұлдыр кагып,

Туды гой ансап күткен күн бір жарык.

Елтанбам арайлана жаркырайды,

Өнүран кокті керней күмбір кагып.

Теніздей ашык аспан молдірейді,

Болганын ұзагынан ел тілейді.

Ағыбай батыр кеше арман еткен,

Тәуелсіз ел жалауы желбірейді.

* * *

Хан Кене, ер Ағыбай, батыр Науан,

Душпанын алкымға алып, такымдаган.

Ерлігін арыстардын мәшһүр етіп,

Абыздай жыр тогеді акын Далам.

Кен Далам, батыр Далам нар түлгалы,

Тосінде кылыш, найза жаркылдады.

Кеудесін айкара ашып тыныстады,

Атқанда тәуелсіздік алтын таны.

Далам Ер кайратына еміренген,

Кәпірлер айбатынан коріне енген.

Елінде ауыз бірлік болмаған сон,

Доңыздар емін-еркін торінде орген.

Тарихын-еткен жолын ошірмеді,

Жылжыды тәуелсіз ел кошi ілгері.

Жұлдызы кайта тауып қаһармандар,

Үрпакка ұран болды есімдері.

Еліне ұлтарак боп тоселер кім,

Ерлігі ұмытылмас кошелі Ердің.

Кашанда ардақ тұтар арыстарын,

Ұланы ұнтымакты осер елдің.

Танытып бар әлемге казак атын,

Ел басында Нұрсұлтан азаматым.

Көкірегі ояу, көзі ашық ості ұрпағын,

Тарихтын жана бетін жаза алатын.

Азия Транзит. - 2001. - N11.-19-20 б.